

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 мамырдағы N 382 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 15 наурыздағы  
№ 214 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.03.2023 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.06.2022 № 355 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2) "Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының азаматтарды қабылдауын ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 4 қыркүйектегі N 974 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 29, 324-құжат):

тақырыбындағы ""азаматтарды" деген сөз""жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

кіріспедегі "Азаматтардың" деген сөз""Жеке және заңды тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта:

бірінші абзацта:

"азаматтарды қабылдауды" деген сөздер "жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Президентінің""Азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2340 заң күші бар Жарлығында" деген сөздер "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы""азаматтар қабылдауды 1-қосымшаға сәйкес нысанда есепке алу карточкаларын толтыру жолымен" деген сөздер "өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық

қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 және 3-тармақтардағы "азаматтарды қабылдау", "азаматтар өтініштерінің" және "азаматтарды қабылдаудың" деген сөздер тиісінше "жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау", "жеке және (немесе) заңды тұлғалар өтініштерінің" және "жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдаудың" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 1-қосымша алынып тасталсын.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 02.06.2022 № 355 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі